

Ақпараттандыру саласындағы ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастырудағы ынтымақтастық, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық бағдарламаларын іске асыру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1357

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 24 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалған Ақпараттандыру саласындағы ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастырудағы ынтымақтастық, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық бағдарламаларын іске асыру туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Ақпараттандыру саласындағы ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастырудағы ынтымақтастық, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық бағдарламаларын іске асыру туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі Келісімнің қатысушы мемлекеттері үкіметтерінің тапсырмасы б о й ы н ш а

- тең құқықты және өзара тиімді негізде экономикалық кірігудің ақпараттық базасын құруға өз үлесін қосуға ұмтыла отырып;

- әлуетті пайдаланушылар үшін ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін технологиялық жағдайларды, ақпараттық және бағдарламалық құралдарды, телекоммунациялық жүйелерді құрудың қажеттілігіне негізге ала отырып;

- жоғары тиімділікті қазіргі құралдар мен ақпараттандыру жүйелерін кеңінен пайдалану экономикалық және мәдени дамудың маңызды факторы болып табылатынына кәміл сене отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілетін терминдер мынадай мағыналарға ие:

мемлекеттік тапсырыс беруші - осы Келісімге сәйкес қабылданған міндеттемелерін орындауға жауапты мемлекетаралық бағдарламаға қатысушы мемлекеттің атқарушы өкіметінің органы (немесе өзге өкілетті ұйым);

ақпарат - тіркеу мен таныстыру нысанына қарамастан, тұлғалар, заттар, фактілер,

оқиғалар, құбылыстар және үдерістер туралы мәліметтер;

ақпараттандыру - Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңдарымен қорғалатын, мемлекеттік, коммерциялық және басқа да құпиялардан тұрмайтын, ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану негізінде азаматтардың, мемлекеттік өкімет органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру мен құқықтарын іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасаудың ұйымдық әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесі;

ақпараттық жүйе - ұйымдық тәртіпке келтірілген құжаттар (құжаттар ауқымы) және ақпараттық технологиялар жиынтығы, соның ішінде ақпараттық процестерді іске асыратын есептеу техникасы мен байланыс құралдарын пайдалану;

ақпараттық процестер - ақпараттарды жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу және т а р а т у п р о ц е с т е р і ;

ақпараттық ресурстар - пайдалану үшін қолайлы және жарамды нысанда дайындалған және жүйеленген ақпараттық жүйелердегі (кітапханалардағы, мұрағаттардағы, қорлардағы, деректер банктеріндегі, басқа да ақпарат жүйелеріндегі) құ ж а т т а р м е н құ ж а т т а р а у қ ы м ы ;

үйлестіруші - мемлекетаралық бағдарламаларды орындау процесінде өзара келісу бойынша олардың жедел өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ететін, өзара консультациялар мен мемлекеттік тапсырыс берушілер арасында ақпарат алмасуды, мемлекетаралық бағдарламаларды жүзеге асырудың жекелеген кезеңдеріне жедел жоспарларды келісуді, ынтымақтастықты жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеуді, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың аралық және түпкілікті нәтижелерін пайдалануды ұйымдастыратын, осы бағдарламаның іске асуы жөнінде мемлекетаралық органдарға келісілген ақпараттарды дайындайтын және ұсынатын мемлекеттік тапсырыс берушілердің бірі;

Мемлекетаралық бағдарламаның үйлестірушісі ретінде, сондай-ақ халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтары мен ғылыми ұйымдар, ұлтаралық қаржы-өнеркәсіптік топтар мен мемлекетаралық органдар көрінуі мүмкін. Егер мемлекетаралық бағдарлама мемлекетаралық бағдарламаға қатысушы тиісті мемлекеті қаржыландыратын жекелеген жобалардан тұратын болса, онда осы жобалардың үйлестірушісі рөлін осы жобалардың ұлттық мемлекеттік тапсырыс берушілері орындайды;

мемлекетаралық бағдарламалар - қызметтің келісілген салаларында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ортақ күш біріктіру арқылы жүзеге асырылатын, түпкілікті нәтижелер бойынша өзара байланысты бағдарламалар;

стандарттау - нақты қолданыстағы немесе әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға бірдей және көп мәрте пайдалану үшін ережелер тағайындау арқылы нақты салада тәртіпке келтірудің оңтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған қызмет;

сертификаттау - техникалық және бағдарламалық құралдардың сәйкестігін растау

тәртібі, ол арқылы дайындаушы (сатушы, орындаушы) мен тұтынушыға (сатып алушы) тәуелсіз ұйым жазбаша үлгіде белгіленген талаптарға өнімнің сәйкестігін белгілейді;

ЕДИ (Electronic Data Interchange) - ағылшын атауының аббревиатурасы (EDI) - деректердің жалпы жұрт қабылдаған жіктеуіштер мен сөздіктерін пайдалану арқылы келісілген жүйенің (стандарттың) іскерлік ақпаратын беруді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

ЕДИФАКТ (Electronic Data Interchange for Administration Commerce and Transport) - ағылшын атауының аббревиатурасы EDIFACT - басқару, сауда және көлік үшін қолданылатын ЕДИ құжатының БҰҰ-дың халықаралық стандарты.

2-бап

Осы Келісім мыналарға бағытталған ақпараттандыру саласындағы Тараптардың өзара қатынастарын реттейді:

- ақпараттандыру саласында ынтымақтастықты дамыту және өзара тиімді мемлекетаралық ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

- мемлекетаралық бағдарламаларды құру және іске асыру;

- осы Келісімге қатысушы мемлекеттерінің ақпараттық ресурстарын, сондай-ақ, осы Келісімді іске асыру нәтижесінде солар арқылы құрылған жалпы ақпараттық ресурстарды құру, пайдалану, қорғау;

- ақпараттық технологияларды және олармен қамтамасыз ететін құралдарды жасау мен пайдалану;

- ақпараттар процестерге қатысушы Тараптардың ақпараттары мен құқықтарын қорғау.

3-бап

Әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық өзара іс-қимылды тиімді және сапалы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік тудыратын мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыру үшін жағдайлар жасау бойынша Тараптар қажетті шараларды қабылдайды.

4-бап

Тараптар мемлекетаралық бағдарламаларды әзірлеу, келістіру және іске асыру жөнінде ынтымақтастықты жүзеге асырады. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттандыру саласындағы ынтымақтастықтың мемлекетаралық бағдарламаларын жасау жөніндегі басым бағыттардың базалық тізімі аталмыш Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасында келтірілген.

5-бап

Ақпараттандыру, ақпараттық рынокты дамыту жөніндегі бірлескен іс-шаралар жүргізу саласындағы ынтымақтастық Тараптар мүдделерінің тең құқықтығы, өзара тиімділігі және есепке алу негізінде жүзеге асырылады.

6-бап

Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын (2-қосымша) ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттандыру саласындағы ынтымақтастықтың мемлекетаралық бағдарламаларын құру мен іске асыру тәртібі негізінде мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыруда ынтымақтастықты жүзеге асырады.

7-бап

Тараптар ақпараттандыру саласында мынадай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамытады:

- мемлекетаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- ақпараттық ресурстар рыногын, қызметтің келісілген салалары бойынша қызмет көрсетулерді, ақпараттық жүйелерді, технологияларды, олармен қамтамасыз ету құралдарын дамыту;
- ортақ пайдаланылатын ақпараттық ресурстар құру;
- ақпараттық технологиялар дамуының қазіргі әлемдік үрдістерін ескере отырып, ақпараттандыру саласында өзара тиімді ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ынтымақтастықты іске асыру;
- ақпараттық технологияларды жасау;
- нарықтық қатынас жағдайларында осы Келісімнің әрбір қатысушы мемлекетінің ұлттық заңдарын ескере отырып, ақпараттандырудың техникалық құралдарының, ұлттық өндірушілерін қорғау;
- ақпараттық қызмет көрсетулер үшін өзара есеп айырысу мен төлемдердің механизмдері мен жүйелерін жасау;
- ұлттық тілдерде жүйеге түсетін ақпараттық ауқымдардың автоматтандырылған ілеспе аудармасының бағдарламаларын құру бойынша жұмыстар жүргізу;
- БҰҰ ЕДИФАКТ халықаралық стандарттарының негізінде хабарлармен электрондық алмасу жүйелерін қалыптастыру;
- қызметтің келісілген салалары бойынша ақпараттық ресурстарды қорғау;
- ақпараттандырудың техникалық және бағдарламалық құралдарын стандарттау;
- ақпараттандырудың техникалық және бағдарламалық құралдарын сертификаттау;
- ақпараттандыру саласында нормативті құқықтық реттеуді үйлестіру;
- ақпараттың жоғалуы, ұрлануы, бұрмалануы, жылыстауы, баямалануы және оқшаулануы салаларынан меншік иелеріне, ақпараттық ресурстарды пайдаланушыларға, жүйелер мен технологияларға қаржы зиянын өтеу мақсаттарында ақпараттық салада сақтандыру рыногын құру және дамыту;
- мемлекетаралық бағдарламалар жобаларының әзірленуі мен іске асыруында инвестициялар тарту және ынталандыру механизмдерін пайдалану;
- ақпарат индустриясының маркетингі;
- ақпараттандыру саласында білікті мамандар даярлау.

8-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай нысандарда дамытады:

- ұлттық және халықаралық ақпараттық ресурстарға қолайлы нысанда, арзан бағада және кепілдікті сапада рұқсат алуға бағытталған ақпарат берудің ұлттық тораптарын құру мен дамыту бойынша техникалық өзара іс-қимылды жүзеге асыру және ақпараттық қызметтер көрсетуді ұсыну;

- деректер беру және ақпараттық ресурстардың ұлттық тораптарын қалыптастыру мен дамытуға жәрдемдесу;

- техникалық құжаттамамен және ғылыми-техникалық ақпаратпен, соның ішінде ақпараттандыру саласында осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің саясатын қалыптастыру мен іске асырудағы құжаттармен өзара тиімді алмасу;

- осы Келісімге қатысушы мемлекеттерінің мамандарын тарту арқылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық (құрастырушылық) салада өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

- жаңа ақпараттық технологияларды игеруде жұмыс жүргізетін бірлескен ұйымдар, бірлестіктер, кәсіпорындар мен фирмалар құруға жәрдемдесу;

- осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

- ақпараттандыру құралдары мен жүйелерін және есептеу техникасын өзара сатып алуды кеңейтуге бағытталған нақты шараларды әзірлеу және іске асыру.

9-бап

Мемлекетаралық бағдарламаларды дайындау және іске асыру бойынша Тараптардың ынтымақтастығы бағдарлама бойынша олардың жүзеге асырылады іс-қимылдарының шарттары ескерілген Келісімді жасасу жолымен жүзеге асырылады.

10-бап

Ақпараттандыру саласындағы өзара іс-қимыл жөнінде келісім-шарттар жасасу кезінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің жүргізуші субъектілері өз мемлекеттерінің ұлттық заңдарын басшылыққа алады.

11-бап

Ашық ақпараттан басқа, бір Тараптың екінші Тараптан алған кез келген ақпарат, материалдар, бағдарламалық және техникалық құралдар, осыларды беруші Тараптың алдын-ала жазбаша келісімінсіз, ешкімге де берілуі мүмкін емес.

Осы ережені бұзған Тарап, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жауапты болады.

12-бап

Өздері қатысушысы болып табылатын Тараптар, олардың ұлттық заңдарына, сондай-ақ Халықаралық келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес осы жұмыстардың барысында бір Тараптың екінші Тарапқа ұсынатын, ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық бағдарламаларын іске асыру кезінде алынған бірлескен жұмыстардың нәтижесіндегі санаткерлік меншіктің тиімді қорғалуын қамтамасыз етеді.

Қандай да бір Тараптың меншігі болып табылатын ақпараттық ресурстарға қол жеткізу екінші Тарап тек ақпараттық ресурстарды меншіктенетін Тараптың рұқсатымен ғана жүзеге асырады. Тараптар ескертілген ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің қағидаттары мен тетіктерін бірлесіп әзірлейді.

13-бап

Тараптар халықаралық бағдарламаларды қаржыландыру мәселелерінің шешімін табуға жәрдемдеседі.

Мемлекетаралық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру Тараптар өздерінің қаржы мүмкіндіктері мен мүдделерін ескере отырып жүзеге асырады.

14-бап

Осы Келісімнің орындалуын үйлестіру үшін жауапты құзыретті органдар - ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді дамыту мәселелерін үйлестіретін осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық органдары болып табылады.

15-бап

Тараптар осы бағдарламалардың жобаларын әзірлеу мен олардың іске асуына қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік -конструкторлық жұмыстарды орындау, ақпараттық құралдар мен жүйелерді өзара сатып алу және ғылыми-техникалық құжаттамалармен алмасу кезінде ең қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдеседі.

16-бап

Осы Келісім өздері қатысушы болып табылатын халықаралық келісім-шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

17-бап

Тараптар ортақ Келісімі арқылы осы Келісімге өзгерістер мен қосымшалар енгізілуі мүмкін, олар хаттамалармен рәсімделеді.

Хаттамалар оларды барлық Тараптар, Келісімнің 22-бабында белгілендей Келісімнің сол ретімен келіскеннен кейін күніне енеді.

18-бап

Бір Тарап арқылы екінші Тарапқа (Тараптарға) берілетін бүкіл ақпарат орыс тіліне аударылады және олардың өзара келісімі бойынша орыс тіліндегі жолма-жол аудармасы арқылы ақпарат Тараптың (Тараптардың) мемлекеттік тіліне аударылады.

19-бап

Осы Келісімнің қолданылуына немесе түсіндірілуіне байланысты даулы мәселелер осы Келісімге мүдделі қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары арасында жүргізілетін консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

20-бап

Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен кейін алты айдан соң Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару Комитетін ақпараттық ресурстар мен ақпараттық

жүйелерді дамыту мәселелерін үйлестіруге жауапты органдар жөнінде хабардар етеді.

Тараптар, сондай-ақ, өзара келісілген мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі үйлестірушіні белгілейді.

21-бап

Осы Келісім өзінің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін басқа мемлекеттердің қосылуына ашық, ол үшін барлық Тараптардың келісуімен осындай қосылу жөнінде депозитарийге құжаттарды тапсыру қажет. Қосылушы мемлекет үшін осы Келісім осындай қосылуға келіскені жөнінде депозитарий соңғы хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

22-бап

Осы Келісім қол қоюшы Тараптар арқылы Келісімнің күшіне енуіне қажет мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы жөнінде депозитарийге үшінші хабарламаны сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін Келісім депозитарийге тиісті құжаттарды сақтауға тапсырған күннен бастап енеді.

23-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады. Осы мерзім аяқталған бойда, егер Тараптар ортақ келісу арқылы оның әрекетінің тоқтатылуы жөнінде шешім қабылдаса, онда Келісім өздігінен әр жолы бес жылдық кезеңге ұзартылып отырады.

24-бап

Тараптың әрқайсысы шығу күніне дейін алты айдан кешіктірмей бұл жөнінде депозитарийге жазбаша хабарлама жолдап, осы Келісім қолданған уақыт аралығында туындаған қаржылық және басқа да міндеттемелерді алдын ала реттеп қойып, осы Келісімнен шыға алады.

Мәскеу қаласында 1999 жылғы 24 желтоқсанда бір түпнұсқа дана болып орыс тілінде жасалынды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа Келісімнің расталған көшірмесін жіберетінді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару Комитетінде сақтаулы.

ТМД Экономикалық кеңесінің мүшелері:

<i>Әзербайжан</i>	<i>Республикасынан</i>
<i>Молдова</i>	<i>Республикасынан</i>
<i>Армения</i>	<i>Республикасынан</i>
<i>Ресей</i>	<i>Федерациясынан</i>
<i>Беларусь</i>	<i>Республикасынан</i>
<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасынан</i>
	<i>Грузиядан</i>
<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасынан</i>
<i>Өзбекстан</i>	<i>Республикасынан</i>

Украинадан

Ақпараттандыру саласындағы
 ақпараттық ресурстар мен
 жүйелерді қалыптастыру,
 Тәуелсіз Мемлекеттер
 Достастығына қатысушы
 мемлекеттердің мемлекетаралық
 бағдарламаларын іске асыру
 туралы келісімге

1 - қ о с ы м ш а

1999 жылғы 24 желтоқсан

ТМД қатысушы мемлекеттерді ақпараттандыру саласындағы ынтымақтастықтың мемлекетаралық бағдарламаларын құру бойынша басым бағыттардың базалық тізбесі (экономикалық кірігудің ақпараттық құрамдас бөлігі)

N Әзірленетін р бағдарламалар. с дың атауы	Орындау. шылар	Күтілетін нәтижелер	кұжаттар. ды ұсыну мерзімі
---	-------------------	---------------------	-----------------------------------

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

1. Еркін сауда аймағын ақпаратпен қамтамасыз ету	ТМД Атқару комитеті, ТМД Статкомитеті, КҚ БК, СЭВ БК, БАД және Достастықтың басқа да мүдделі органдары	Мемлекеттерде ақпарат алмасудың халықаралық стандарттарына (ЭДИФАКТ) негізделетін электрондық сауданың ұлттық орталықтарын құру ұйғарылуда. Мұндай орталықтарды құру және оларды мемлекетаралық желіге біріктіру тұтынушыларды және өнімдер мен қызмет көрсетулерді өндірушілерді ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуге, Достастық мемлекеттерінде рынок инфрақұрылымының дамуын елеулі	2000-2002 жж.
--	--	--	---------------

ынталандыруға мүмкіндік
б е р е д і .

Достастық мемлекеттері.
нің салық және кедендік
қызметтері үшін ұлттық
заңдарға сәйкес барлық
буындар мен қызметтер.

дің жұмыс істеуін
бақылауды қамтамасыз
ететін және табыстарды
жасыру мен басқа да
теріс пайдалануларды
болдырмайтын бірікті.

рілген ақпараттық
жүйелер құрылатын
болады. Құқықтық ақпа.
раттың, кедендік ста.
тистиканың, биржалық
ақпарат пен дүниежү.

зілік баға бойынша
ақпараттың ақпараттық
жүйелері мен мәліметтер
базаларын, өнім жеткі.
зушілері мен мәліметтер
тұтынушыларының жікте.
гіштерін құру ұйғарылады.

М ы н а л а р д ы :

- қазіргі төлем құрал.
дарын қолдануды қамта.
масыз ететін банкаралық
есеп айырысу жүйелерін;
- халықаралық стандарт.
тар бойынша банкаралық
есеп айырысу үшін тиісті
ақпараттық инфрақұры.

л ы м д а р д ы ;

- халықаралық туризмді
қолдау үшін ақпараттық

көзделеді.

2. Электрондық ТМД Атқару ЭДИФАКТ БҰҰ ақпараттық 2000-2001
құжаттанудың комитеті, хабарлар стандарттары жж.
халықаралық ҮКК, ТМД басқару салаларының,
стандарттары ТКК, СЭВ БК, материалдық өндірістің,
негізінде КС ТМД және сауда операцияларының
ТМД қатысушы Достастықтың жақындасуын, ресурстар
мемлекеттер. басқа да мен тауарлардың, ғылыми
дің еркін мүдделі зерттеулер және дүние
сауда айма. органдары жүзінің барлық мемлекет.
ғының құжат терінің басқа да қызмет
айналымын түрлерінің ауысуын
стандарттау қамтамасыз етеді. Бұған
және біріз. дүниежүзілік ақпараттық
дендіру жүйелерде айналыста

болатын және осылайша,
барлығы үшін түсінікті
іскерлік қатынас тілін
жасайтын құжаттардың
бірыңғай нысандарының
есебінен қол жеткізіледі.
Сонымен бірге, хабарла.
малар беру ондаған есеге
жеделдейді, құжаттар мен
мүмкін болатын қателер
саны азаяды, қорыта
келгенде бұл ақпараттық
жүйелерді құру мен
пайдалану кезінде аса ірі

үнем жасауға әкеледі.

3. Мына салалар. ТМД Атқару ТМД ақпарат кеңістігін 2000-2002
дағы ынтымақ. комитеті, қалыптастыру тұжырымдама. жж.
тастықты БАД, МАК, сын іске асыру бойынша
қамтамасыз ҮКК, МАК, құжаттар мен шараларды
ету үшін КҚ БК, СЭВ дайындаудың перспективті
ақпараттық-БК, ТМД ТКК, жоспарына сәйкес Достас.
телекоммуни. Ресей Байла. тық мемлекеттерінде
кациялық ныс министр. мүдделі ұйымдармен және

жүйелерді
құру:
- аграрлық-
өнер-кәсіп.
тік;
- отын-энер.
гетикалық;
- өнеркәсіп.
тік және
инвестиция.
лық саясат;
- көлік және
байланыс;
- қаржы және
банк;
- ғылыми-тех.
нологиялық;
- радиохабар
және теледидар.

лігі, ҰБА ФА кәсіпорындармен өзара
және Достас. іс-қимыл жасайтын және
тықтың басқа оларды өнім өткізу
да мүдделі рыногы, баға саясаты
органдары бойынша ақпаратпен

қамтамасыз ететін ақпарат.
тық-талдамалық орталық.
тар, сондай-ақ мемлекет.
аралық және халықаралық
еңбек бөлінісін есепке
алатын тауарлар мен
қызмет көрсетулердің
жаппай өндірісі үшін
ұлттық және халықаралық
стандарттар мен сертифи.
каттарды құру ұйғарылады.

Бағдарлама шеңберінде
қолданыстағылар әрі қарай
дамып және жаңалары құры.
латын, болады олар:
- көлік қызметі,
электробайланыс және
почта қызметтері, теледидар
және радиохабар рыноктарын.

дағы ақпараттық
технологиялар;
- аграрлық-өнеркәсіптік
кешендер үшін ақпаратпен
қамтамасыз ету жүйелері;
- өнеркәсіп және инвести.
циялар жөніндегі деректер
б а з а л а р ы ;
- сұраныспен ұсынысты
зерделеудің ақпараттық-
технологиялары;
- көліктің барлық түрлері
үшін ақпараттық-есептеу
ж е р л е р і ;
- сыртқы сауда жүктерін

жүйелер.

4. Табиғатты пайдалану мен комитеті, коршаған ор. таны қорғау, сондай-ақ сейсмология. лық монито. ринг, төтенше оқиғалардың алдын-алу және жою салаларында ынтымақтас. тықты қам. тамасыз ету мақса. тында ақпараттық-телекоммуни. кациялық жүйелер құру
- ТМД Атқару Барлық деректер мен ақпарат жиынтығын жинау, жж. МЭК және жинақтау, талдау мен Достастық. тарату үшін және әлеу. тың басқа меттік-экономикалық, да мүдделі гидрометеорологиялық, органдары экологиялық, сейсмикалық және Достастық мемлекеттері халықтарының қалыпты және төтенше жағдайларда қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету жөніндегі басқа да проблемаларды шешу үшін қолдағы барды дамыту және жаңа көп мақсатты ақпараттық-тех. нологиялық база құру ұйғарылады (бөлінген тұрақты көшпелі ақпарат. тық-өлшеуіш кешендері, мониторингтер, ұлттық және мемлекетаралық телекоммуникациялық

жүйелер).

5. Әлеуметтік-еңбек сала. сында, құқықтық ақпарат алмасу, денсаулық сақтау, білім, ғылым және мәдениет салаларында
- ТМД Атқару комитеті, ТМД қатысушы мемлекеттері халықтарының Еңбек, көші-қон және әлеуметтік қорғау жөніндегі консульта. тивтік
- Әлеуметтік салада Достастық мемлекеттерінің сақтандырылған тұлғаларын жеке (дербестендірілген) есепке алу бойынша корпо. ративті ақпараттық жүйе. лер құрылатын, сондай-ақ ЭДИФАКТ халықаралық стандарттарының негізінде зейнетақы тағайындау үшін деректермен жедел мемле. кетаралық алмасу реттеле.

ынтымақтас. кеңесі мен тін болады.
тықты қамта. Достастықтың Жұмыспен қамту, көші-қон,
масыз ету басқа да әлеуметтік қорғау, халық
бойынша мүдделі еңбегін қорғау мен жағдай.
келісілген органдары лар және әлеуметтік-еңбек
ақпараттық- қатынастары саласындағы
телекоммуни. нормативтік құқықтық
кациялық құжаттар жөніндегі дерек.
жүйелер тер банкін қоса қамтитын
құру ТМД елдерінің ортақ
еңбек рыногының бірыңғай
ақпараттық жүйесін құру
к о з д е л у д е .
ТМД қатысушы мемлекетте.
рін құқықтық ақпарат
алмасумен, алыстан білім
алумен, оқу құралдарымен
тең құқықта және өзара
тиімді алмасумен қамтама.
сыз ету үшін келісілген
ақпараттық-телекоммуника.
циялық жүйелер, сондай-ақ
халықаралық білім беру
жүйелеріне қол жеткізуді
қамтамасыз ететін
телекоммуникациялық
жүйелер, электронды
оқулықтарды, анықтамалық.
тарды, оқу құралдарын
дайындау мен қолдануға
арналған жүйелер дами
б е р е д і .
Денсаулық сақтау саласын.
да барлық санаттар және
профильдер бойынша меди.
циналық мекемелерді
кешенді ақпараттандыру
жөніндегі автоматтан.
дырылған ақпараттық

жүйелер, қашықтық диагнос-
тика мен кеңес берудің
қазіргі технологиялары,
аурулар мен эпидемиялардың
таралуы туралы жедел
ақпарат алмасудың түрлі
нозологиялары бойынша
тақырыптық дерекқорларын
құру дами береді және
қолданылатын болады.
Мәдениет саласында ұлттық
және халықаралық электрон-
дық мұражайлар мен галерея-
лар және Достастық мемле-
кеттерінің ұлттық мәдениет-
тері қазыналарының басқа
да электрондық болжамдарын
құру жөнінде ақпараттық
жүйелерді дамыту көзделіп
о т ы р .

Достастық елдерінің өз
ресурстарын бірлесіп қа-
лыптастыру мен пайдалану
бойынша ақпараттық кітап-
ханалық желілерінің өзара
іс-қимылдарын кеңейту,
ұлттық және халықаралық
электронды мұражайлар мен
галереяларды құру саласын-
дағы ынтымақтастықты, ны-
ғайту, сондай-ақ мәдениет
және өнер жөніндегі деректер-
дің бірыңғай банктерін

құру ұйғарылып отыр.

6. Нормативтік-ТМД Атқару Сақтандыру бағдарламала. 1999-2002
әдістемелік комитеті, рын іске асыру Достастық жж.
база құру БАД, Ресей мемлекеттерінің сақтандыру
және ТМД Байланыс рыногының дамуын қамтама.
қатысушы министрлігі сыз етуге және ақпараттық

мемлекеттерде және жүйелердің меншік иелері
 ақпараттық Достастықтың мен пайдаланушыларының
 тәуекелдерді басқа да бұзылған мүліктік мүдделі.
 сақтандыру мүдделі рін қалпына келтіру
 жүйесін органдары кепілдігін қамтамасыз
 ендіруге етуге мүмкіндік береді.

б а ғ ы т т а л ғ а н
 ш а р а л а р д ы

жүргізу

7. Достастықтың ТМД мүдделі ТМД АААЖ жетілдіру мен 2000-2003
 (қатысушы қатысушы дамытуды жүзеге асыру: жж.
 мемлекеттері мемлекеттері, - Достастық мемлекеттері.
 арасында ТМД Атқару нің мемлекеттік үкімет ор.
 ақпаратпен комитеті, гандарының өз және ТМД
 алмасудың ТМД қатысушы жарғылық органдарының
 автоматтан. мемлекетте. араларында, соның ішінде
 дырылған рінің еркін сауда аймағын қалып.
 жүйесін ТМД Парламент. тастыру процесінде де,
 АААЖ) және аралық ақпаратпен алмасуды ұйым.
 оның шағын Ассамблеясы, дастыру үшін корпорациялық
 жүйелерін ТМД қатысушы Internet желісін құру;
 жетілдіру мемлекетте. - Достастықтың халықара.
 мен дамыту рінің Шекара лық ақпараттық қорларын
 әскерлері ұлғайту (тиісті мемлекет.
 қол-басшыла. аралық келісімдерді
 рының кеңесі, қабылдау шамасына қарай)
 ТМД қатысушы және осы ақпаратқа ТМД
 мемлекетте. АААЖ абоненттерінің
 рінің Ішкі қолайлы рұқсат етілген
 істер енуін қамтамасыз етіп,
 министрлік. олардың біріккен мемле.
 терінің кетаралық ресурстарға
 кеңесі, ҮБА кірігуі;
 ФА және Дос. - ТМД қатысушы мемлекет.
 тастықтың тері шекаралық әскерлері.
 басқа да нің арасында ақпаратпен
 мүдделі алмасудың шағын жүйелерін
 органдары құру (ТМД ШӘ АААЖ);
 - ТМД АААЖ бірыңғай теле.

коммуникациялық негізі және шифрленген құжаттық байланыс жүйесі болып табылатын "АТЛАС-ТМД" деректер берудің мульти-хаттамалық (X.25, IP, FR) желісін құру.

- ТВ-Информды телекоммуникациялық орта ретінде пайдалануды жалғастыру;
- ТМД мемлекеттері мемлекеттік өкімет органдарының және ТМД жарғылық органдарының арасында (ТМД АААЖ және шифрленген құжаттық байланыс жүйесін пайдаланушылар арасында) ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру үшін "АТЛАС-ТМД" электрондық почтаның бірыңғай жүйесін құру;
- ТМД АААЖ іске асыратын үлгілік шешімдер мен технологиялар негізінде тиісті мемлекетаралық келісімдердің қабылдануына қарай ТМД АААЖ басқа да қосалқы жүйелерін құру ұйғарылып отыр.

"Орындаушы" бағанындағы аббревиатуралар былай түсіндіріледі:

ҮКК - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер көлік министрлерінің үйлестіруші көлік кеңесі

МАК - мемлекетаралық авиациялық комитет

МСК - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес

МЭК - мемлекетаралық экологиялық кеңес

БАД - байланыс саласындағы аймақтық Достастық

ТМД ТКК - Достастықтың қатысушы мемлекеттерінің темір жол көлігі
ж ө н і н д е г і к е ң е с і

СЭВ БК - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
сыртқы экономикалық ведомстволары басшыларының Кеңесі

КҚ БК - Достастықтың қатысушы мемлекеттері кеден қызметі
б а с ш ы л а р ы н ы ң К е ң е с і

ТМД Статкомитеті - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының
мемлекетаралық статистикалық комитеті

ҮБ АФА - Ресей Федерациясының президенті жанындағы үкіметтік
байланыс пен ақпарат федералдық агенттігі

Ақпараттандыру саласындағы

ақпараттық ресурстар мен

жүйелерді қалыптастыру,

Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығына қатысушы

мемлекеттердің мемлекетаралық

бағдарламаларының іске асыру

туралы келісімге

2 - қ о с ы м ш а

1999 жылғы 24 желтоқсан

**ТМД қатысушы мемлекеттердің ақпараттандыру саласында мемлекетаралық
бағдарламалар жасау және іске асыру**

ТӘРТІБІ

I. Негізгі ұғымдар

1. Ақпараттандыру саласында мемлекетаралық бағдарламалар жасау және оларды
іске асыру кезінде Тараптар ұлттық заңнамада және осы Тәртіпте анықталған тәртіпті
б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

2. Ақпараттандыру, саласындағы ынтымақтастықтың мемлекетаралық
бағдарламалары (бұдан әрі - мемлекетаралық бағдарламалар) ТМД қатысушы
мемлекеттерінің ақпараттандыру процестеріне ортақ тәсілдерді әзірлеу мен ақпараттық
өзара іс-қимылдарды қамтамасыз ету ынтымақтастықтың нысаны болып табылады
және олар мынадай бөлімдерден тұрады:

- мәселенің мазмұны және оны бағдарламалық әдістер арқылы шешуді негіздеу;

- мемлекетаралық бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері, іске асыру

м е р з і м д е р і м е н к е з е ң д е р і ;

- қажет болғанда жұмысқа орналастыру мен жаңа жұмыс орындарын құру
шараларын қоса алғанда, бағдарламалық іс-шаралар жүйесі;

- мемлекетаралық бағдарламаны ресурспен қамтамасыз ету (бюджет қаражаттары
және/немесе бюджеттен тыс көздер есебінен);

- мемлекетаралық бағдарламаны іске асыру тетігі;
- мемлекетаралық бағдарламаны басқаруды ұйымдастыру және оны іске асыру барысын үйлестіру;
- мемлекетаралық бағдарламаны іске асыру тиімділігін, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық салдарларын бағалау;
- атауы, мүдделі Тараптар үйлестірушісінің нұсқауы, сондай-ақ мақсаттары мен міндеттері, іске асыру мерзімдері, негізгі іс-шараларды орындаушылардың нұсқаулары, қаржыландырудың көлемдері мен көздері, бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтижелер мазмұндалған мемлекетаралық бағдарламаның төлқұжаты.

Әр мемлекетаралық бағдарлама бойынша барлық бағдарламалық іс-шаралардың келісілуін және олардың қаржы ресурстарының жобаланып отырған көлемдерімен жүргізілу кезекшіліктерін, салалық және аймақтық міндеттердің келісімділігі мен кешенділігін қамтамасыз ету қажет. Таяудағы бір-екі жылға бағдарламалық іс-шаралар, оларды қаржыландыру негіздеулері бар, әлеуметтік-экономикалық және техникалық-экономикалық бизнес-жоспар нақтылануы тиіс.

3. Мемлекетаралық бағдарлама осы Тәртіптің V бөлімінде көзделген тәртіппен толығымен немесе ішінара орындалатын және қаржыландырылатын жобалардан тұруы мүмкін.

II. Бағдарламалық әзірлеме үшін проблемаларды іріктеу

4. Тараптар, мемлекетаралық және үкіметаралық органдар, сондай-ақ ТМД қатысушы мемлекеттерінің мүдделі ұйымдары мен ведомстволары мемлекетаралық бағдарламалар әзірлеудің бастамашылары бола алады.

5. Проблемаларды бастапқы іріктеу ақпараттандыру саласындағы қазіргі мемлекетаралық (үкіметаралық) органдар арқылы жүргізіледі (бұдан әрі - мемлекетаралық органдар).

6. Әрбір Тарап мемлекетаралық органдардағы өзінің өкілі арқылы нақты мемлекетаралық бағдарлама жасау туралы ұсыныспен шыға алады.

Проблеманың бағдарламалық әзірленімі туралы ұсынысқа мыналар қоса беріледі:

- оның туу себептерін талдау;
- проблеманы шешудің мүмкін тәсілдері, ақпараттандыру, техника, технология, өнімді өндіру мен сату (жұмыс, қызмет көрсету), еңбек, шаруашылық және құқықтық қатынастар салаларында мәселені шешу үшін жүзеге асыру қажет іс-шаралардың ұсынылатын тізбесі, оны іске асырудың мүмкін мерзімдері;
- мүмкін көздерді тартудан және мемлекетаралық бағдарламаның жобасын іске асырудан түсетін күтілетін табыстарды бөлуді көрсету арқылы қаржы ресурстарындағы қажеттіліктерді негіздеу;
- әлеуметтік-экономикалық тиімділік пен мемлекетаралық бағдарламаны іске асыру салдарын алдын ала бағалау, бағдарламалық іс-шаралардың экологиялық және басқа да талаптарға сәйкестігі;

- мемлекеттік тапсырыс берушілердің, мемлекетаралық бағдарламаны әзірлеушілердің, негізгі жеткізушілер мен мердігерлердің тізбесі;
- мемлекетаралық бағдарлама жобасының даярлану мерзімдері мен құнын көрсету.

7. Мемлекетаралық органдар мемлекетаралық бағдарламалардың жобалары бойынша мемлекеттерден түскен ұсыныстарды алдын ала қарайды және қарау нәтижелері мен олардың мүдделілігін зерделеуді ескере отырып осы бағдарламаларды ж а с а й д ы .

Мемлекетаралық органдар Тараптардың мүдделілігі және алынған материалдарды талдаудың негізінде мемлекетаралық деңгейде осы проблеманы шешу жөнінде ұсыныстар дайындайды және оларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетіне (бұдан әрі - Комитет) тапсырады.

8. Комитет белгіленген тәртіппен мемлекетаралық бағдарламалардың жобаларын жасау, оларды әзірлеу мерзімдері, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің қарауы үшін қаржыландыру көздері жөнінде мемлекетаралық органдардың ұ с ы н ы с т а р ы н е н г і з е д і .

Ірі масштабты және ерекше маңызды проблемалар жөнінде Комитеттің ұсынысы бойынша мемлекетаралық бағдарламаларды орындау тұжырымдамалары әзірленуі мүмкін.

III. Мемлекетаралық бағдарламалар мен жобалар жасау

9. Мемлекетаралық органдар:

- мемлекетаралық бағдарлама жобасын жасау бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің шешімдерін орындай отырып, олардың ә з і р л е н у і н ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

- проблемаларды шешу және жобаларды бағалау жөнінде Тараптардың ұ с ы н ы с т а р ы н ж и н а у д ы жү р г і з е д і ;

- мемлекетаралық бағдарламаның келісілген жобасын түсіндірме жазбамен, әлеуметтік-экономикалық және техникалық-экономикалық негіздемесі бар бизнес-жоспармен және мемлекетаралық бағдарлама туралы үкіметаралық жобаны Комитетке жолдайды.

IV. Мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды сараптау және бағалау

10. Комитет жобаларды таңдауды және бағалауды (сараптауды) ұйымдастырады, бұл орайда мыналарға назар аударады:

- оның проблемасының басымдылық сипатына;
- бағдарламалық іс-шаралардың негізділігіне, кешенділігіне және экологиялық қауіпсіздігіне, оларды іске асыру мерзімдеріне;
- ең алдымен мемлекеттік мүмкіндікпен үйлестіру арқылы орталықтандырылған ресурстар мен орындаушы ұйымдарға түрлі жеңілдіктер беру есебінен бағдарламаны іске асыру үшін бюджеттен тыс қаражатты тартудың орындылығына;

- мемлекетаралық бағдарламаны іске асыру тетігінің тиімділігіне;
- бағдарламаның тұтас алғанда әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне, күтілетін түпкі нәтижелер мен олардың ТМД қатысушы-мемлекеттері экономикасының құрылымдық қайта құрылу процестеріне ықпалы.

11. Мемлекетаралық бағдарламаны Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы Үкімет басшыларының кеңесі бекітеді.

Комитет қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің қарауына мемлекетаралық бағдарлама мен үкіметаралық келісімнің жобаларын жолдайды. Мемлекетаралық бағдарламаны іске асыруға қатысу шарттары және оны қаржыландыру тәртібі Тараптар арасында олардың қатысу еркіндігі мен өзара тиімділік негізінде жасалған, оған қол қойылғаннан кейін, ол қаржыландыру мен іске асырылуға қабылданатын жеке үкіметаралық келісіммен ресімделеді.

V. Мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру

12. Мемлекетаралық бағдарламалар мен тұжырымдамаларды жасау бойынша жұмыстарды қаржыландыру Тараптардың келісімі бойынша олардың қаржылық мүмкіндіктері мен мүдделіліктерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

13. Мемлекетаралық бағдарламаны қаржыландыру қатысушы-мемлекеттердің мемлекетаралық бағдарлама туралы үкіметаралық келісіміне сәйкес қатысушылардың мемлекеттік бюджет қаражатты есебінен осы мақсаттарға көзделген қаражаты шегінде немесе мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, өзге де салалық органдардың қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерінен және/немесе жобаға қатысушылар тартқан көздерден, сондай-ақ, құрамдастырылған қаржыландыру, соның ішінде шетел инвестициясын тарту арқылы да жүзеге асырылады. Мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыруға шетел капиталын тарту қатысушы мемлекеттердің шетел инвестициялары туралы ұлттық заңнамасына сәйкес орындалады.

14. Мемлекетаралық бағдарламаларды қаржыландыру тетігін Тараптар олардың қаржылық мүмкіндіктері мен мүдделіліктерін ескере отырып жүзеге асырады.

Тараптар мемлекетаралық бағдарламаның құрамына кіретін бағдарламадағы өз бөлігін ресурстардың қаржы және басқа да түрлерімен қамтамасыз етеді.

VI. Мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды басқару

15. Мемлекетаралық бағдарламаны іске асыруды басқару қатысушы мемлекеттердің осы бағдарлама туралы үкіметаралық келісіміне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекетаралық бағдарламаны уақытында іске асыру бағдарлама бойынша жұмыстарды орындаушыларды басқару, бағдарламаны іске асыруға бөлінетін қаражатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жауапкершілігі бағдарламаны үйлестірушіге жүктеледі. Мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыру тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында әрбір Тарап мемлекеттік тапсырыс беруші ретінде осы бағдарламалардың қатысушыларын белгілейді.

Мемлекетаралық бағдарламаның үйлестірушісі ретінде мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйымдар болуы мүмкін.

Егер мемлекетаралық бағдарлама, іске асырылуын тиісті Тараптар қаржыландыратын жекелеген жобалардан тұратын болса, осындай жобалардың үйлестірушісі ролін осы жобалардың ұлттық мемлекеттік тапсырыс берушілері а т қ а р а д ы .

Қажет болған жағдайда мемлекетаралық бағдарламаны үйлестірушінің өкілеттіктері Тараптар арасында жасалатын жеке үкіметаралық келісімге сәйкес бағдарлама бойынша жұмыстарды орындаушы - кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің бірінің аумағындағы әкімшілік басқару органдарына берілуі м ү м к і н .

16. Мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыру конкурстық негізде анықталатын жұмыстарды орындаушы-ұйымдармен үйлестіруші жасасатын келісім-шарт (шарт) негізінде жүзеге асырылады.

17. Бірлескен жұмыстардың нәтижелерін, соның ішінде тауарларды/қызмет көрсетулерді сатудан түсетін табыстарды нақты мемлекетаралық бағдарламаның қатысушы тараптары арасында бөлу, әдетте олар осы бағдарламаға үлестік қатысуына сәйкес жүзеге асырылады және үкіметаралық келісімде анықталады.

18. Мемлекетаралық бағдарламаларды іске асыру қорытындыларын, қажет болған жағдайда тәуелсіз сараптаманы пайдалана отырып, бағдарлама туралы үкіметаралық келісімнің шарттарына сәйкес Тараптар қарайды.

19. Мемлекетаралық органдар мемлекетаралық бағдарламалардың үйлестірушілері тапсырған есеп берулерді талдау негізінде жұмыстарды жалғастыру және бағдарламаларды қаржыландыру немесе оларды тоқтату туралы ұсыныстар әзірлейді және оларды Комитетке жолдайды.

Мемлекетаралық органдардың ұсыныстары бойынша мемлекетаралық бағдарламалар жаңа бағыттармен және бағдарламаның өзінің бекітілуі тәртібіне ұқсас жобалармен толықтырылуы мүмкін.